

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы

Астана қ.

2026 жылғы 13 шілде

"Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің "Республикалық ветеринариялық зертхана" ШЖҚ РМК бас директорының 2026 жылғы 18 мамырдағы №233-Н бұйрығы негізінде 2026 жылғы 01 маусым мен 13 шілде аралығында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды құрамында жұмыс тобы жүргізді:

Алишова Радмила Сергеевна-ҚР АШМ Н КВКи ұйымдастыру-бақылау жұмысы және құжаттамалық қамтамасыз ету басқармасының басшысы;

Рахметуллин Дәулеткерей Рахметуллаұлы - "ЖАҢАРУ"сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс" республикалық қоғамдық бірлестігінің Астана қалалық филиалының директоры;

Байжанова Гүлнар Қаликанқызы-ҚР АШМ "РВЛ" ШЖҚ РМК және Н комплаенс қызметінің бас сарапшысы.

Талдау объектісі: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің "Республикалық ветеринариялық зертхана" ШЖҚ РМК және оның құрылымдық бөлімшелері.

Талдау мақсаты: Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, оларды жою жөнінде шаралар әзірлеу, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің тиімділігін арттыру.

Талдаумен қамтылған кезең: 2025 жылғы 01 мамырдан 2026 жылғы 31 мамырға дейін.

1.Талдау объектісі туралы жалпы мәліметтер Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің "Республикалық ветеринариялық зертхана" ШЖҚ РМК Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің ведомстволық бағынысты ұйымы болып табылады және жануарлардың аса қауіпті және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шаралар жүргізу саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Ақпаратты жинау және талдау зерттелуде:

- * Талдау объектісінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер.

- * Бұқаралық ақпарат құралдарына жарияланымдар;

- * Бөлімшеге келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;

- * Сот актілері;

- * Қазақстан Республикасының заңнамасымен ұсынуға жол берілетін өзге де мәліметтер.

Ұйымдастыру-басқару процестері талданады, соның ішінде:

- * персоналды басқару;

- * Мемлекеттік қызмет көрсету;

- * рұқсат беру және бақылау функцияларын іске асыру;

* сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін талдау объектісінің қызметкерлерін анықтау және жауапкершілікке тарту туралы мәліметтер;

* Қазақстан Республикасының заңнамасымен ұсынуға жол берілетін өзге де мәліметтер.

Президенттің 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 Жарлығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қағидаларына сәйкес мынадай бағыттар бойынша ішкі талдау жүргізілді:

ОБЪЕКТІНІҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ КӘСІПОРЫННЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНДЕ

Өндірістік бақылау және аккредиттеу бөлімінің қызметі.

Бөлім ветеринариялық зертханаларды олардың орналасқан жері бойынша тексеруді жүзеге асырады, ПАТОГЕНДІЛІГІ ІІ, ІІІ, ІV топтардың патогенді биологиялық агенттерімен жұмыс істеуге рұқсат беру құжаттарын алуды үйлестіреді, сатып алынатын диагностикалық құралдардың, тест-жүйелердің, қоректік орталардың, зертханалық жабдықтардың, химиялық реактивтер мен шығыс материалдарының сапасына кіріс бақылауын ұйымдастырады.

ГОСТ ISO/IEC 17025-2019 талаптарына сәйкес облыстық, өңірлік және аудандық ветеринариялық зертханаларды аккредиттеу және қайта аккредиттеу жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді қамтамасыз етеді, инспекциялық тексерулердің өтуін және зертханааралық салыстыру сынақтарының жүргізілуін бақылайды.

Бөлімнің қызметі қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге, ішкі нормативтік құжаттарға, Бөлім туралы ережеге және лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес жүзеге асырылады.

Қорытындылар: сыбайлас жемқорлық тәуекелдері сатып алынатын диагностикалық құралдардың, тест-жүйелердің, қоректік орталардың, зертханалық жабдықтардың, химиялық реактивтер мен шығыс материалдарының сапасын анықтау бойынша кіріс бақылауын жүргізу функциясы бойынша мүмкін болады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижелері бойынша кіріс бақылауын жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ, өйткені кіріс бақылауын жүргізу рәсімі ішкі нормативтік құжаттармен егжей-тегжейлі регламенттелген, комиссиялық түрде жүзеге асырылады және жеке-дара шешім қабылдау мүмкіндігін болдырмайды. Тауарларды жеткізушілер тарапынан шағымдар тіркелген жоқ.

Ұсыныстар: Кіріс бақылау жүргізу кезінде кіріс бақылау регламентін басшылыққа алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты сақтау.

Кәсіпорын филиалдарының қызметі.

Филиалдардың сынамалар және ақпарат қабылдау бөлімінің қызметі. Сынамаларды қабылдау Қолданыстағы НҚА және кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Сынамалар бойынша кіріс деректерін тіркеу кезінде адам факторы ішінара алынып тасталды. Барлық сынамалар тізімдемелері "ӨИС" ақпараттық дерекқорында тұжырымдалған ілеспе құжаттармен бірге беріледі. Сынамаларды қабылдау және ақпарат бөлімі ішкі рәсімдерге сәйкес және және барлық сынамалар иесіздендіріледі және зерттеу жүргізу үшін бөлімдерге жіберіледі. Сараптама актілерін ұсыну мерзімдері сақталады.

Сынамаларды қабылдау рәсімі және зерттеуге жолдама ЖҰӨ-ге сәйкес жүзеге асырылады.

Қорытындылар: ветеринариялық зертханалар (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) беретін сараптама актісін (Сынақ хаттамасын) беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсету бөлігінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар.

Ұсыныстар:

1. Сынамаларды қабылдау және ақпарат бөлімінің қызметкерлеріне өтініш берушілермен байланыс кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты сақтау;
2. Сынамаларды қабылдау және ақпарат бөлімінің мамандары ветеринария саласындағы қолданыстағы ішкі регламенттердің, НҚА өзгерістеріне мониторинг жүргізсін.

Жануарлар ауруларын диагностикалау зертханаларының, аудандық ветеринариялық зертханалардың қызметі.

Зертханалардың негізгі мақсаты халықаралық стандарттарға сәйкес жануарларды диагностикалық зерттеулерді сапалы және уақтылы орындау болып табылады, ол үшін диагностикалық құралдар (диагностикалық жиынтықтар, тест-жүйелер, химиялық реактивтер, коректік орта, қосалқы материалдар және т.б.) пайдаланылады.

Ұсынымдар: көшпелі өндірістік бақылауды жүзеге асыру;

Мемлекеттік сатып алу бөлімінің қызметі

Мемлекеттік сатып алуды жоспарлау тиісті қаржы жылына бекітілген бюджет негізінде жүзеге асырылады және мекеменің стратегиялық және жедел мақсаттарына негізделеді.

Сатып алу бастамашылары (құрылымдық бөлімшелер) мемлекеттік сатып алу бөліміне сатып алудың жылдық жоспарына енгізу жөнінде мынадай мәліметтерді ұсынады:

- Тауарлар, жұмыстар мен қызметтер каталогы (КТР);
- көлемді есептеу;
- бағасы;
- мемлекеттік және орыс тілдерінде бекітілген техникалық ерекшелік;
- жеткізудің/орындаудың күтілетін мерзімдері және т. б.

Бастамашылардың барлық ұсыныстары экономика және баға белгілеу бөлімімен бекітілген бюджеттік лимиттерге, бағдарламалық іс-шараларға және РВЛ басымдықтарына сәйкестігін тексеруге жатады. Мемлекеттік сатып алу бөлімі мемлекеттік сатып алу жоспары бекітілгеннен кейін Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы орталық аппарат (ОА) жоспарының тармақтарын жариялауды жүзеге асырады. Филиалдарға қатысты жоспардың тармақтары кейіннен жариялау үшін өңірлік және облыстық филиалдарға жіберіледі.

Қорытындылар: Бастамашылар тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету мерзімдерінің сақталуын, сондай-ақ нақты орындалудың шарт талаптары мен техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеруді қамтитын тұрақты бақылауды жүргізуі қажет.

Ұсынымдар: келісудің барлық кезеңдері кәсіпорынның құжат айналымы жүйесінде, оның ішінде құқықтық қамтамасыз ету бөлімінде және экономика және баға белгілеу бөлімінде келісу визалары немесе электрондық белгілер түрінде ресімделуі керек.

Экономика және баға белгілеу бөлімінің қызметі

Бөлім келесі негізгі міндеттерді орындайды:

1. Кәсіпорын бюджетін тиімді жоспарлау және қаржы-шаруашылық қызметке талдау жүргізу.

2. Бюджет қаражатын үнемді және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету.
3. Бюджеттік жоспарлау әдістерін жетілдіру.
4. Кәсіпорынды жарғыға сәйкес көрсетілетін (орындалатын) қызметтерге (жұмыстарға) баға преysкуранттарымен қамтамасыз ету.
5. Баға белгілеу саласындағы әдіснамалық тәсілдерді жетілдіру.
6. Экономикалық негізделген шығындар негізінде жануарлардың аса қауіпті және энзоотиялық ауруларын диагностикалау жөніндегі қызметтерге бағаларды әзірлеу, сондай-ақ оларды уәкілетті органдармен уақтылы келісу және бекіту.
7. Кәсіпорын қызметтеріне бағаның қалыптасуына талдау және бағалау жүргізу. Жүктелген міндеттерді орындау үшін бөлім мынадай функцияларды жүзеге асырады:
 1. Кәсіпорынның даму жоспары мен инвестициялық жоспарын (кірістер мен шығыстар бюджетін) қалыптастыру, түзету, келісу және кейіннен талдау.
 2. Бюджеттік жоспарлау және баға белгілеу мәселелері бойынша ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу және жетілдіру.
 3. Кәсіпорынның бұйрықтарымен жарғылық қызмет шеңберінде көрсетілетін (орындалатын) қызметтерге (жұмыстарға) баға преysкуранттарын дайындау, әзірлеу және бекіту.

Бөлім қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері төмен деп бағаланады, себебі бөлім:

- тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге қатыспайды;
- жеткізушілерді таңдауды жүзеге асырмайды және шарттар жасаспайды;
- бюджеттік жоспарлау және баға белгілеу мәселелері бойынша негізінен кәсіпорынның орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасайды.

Ықтимал тәуекелдер

1. Құрылымдық бөлімшелер мен филиалдардың тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға өтінімдерді уақтылы ұсынбауы.

Ықтимал себептері:

- сатып алуды мемлекеттік сатып алу порталында уақтылы орналастырмау;
- даму жоспарында көзделген қаражатты игермеу.

Ұсыныстар:

- даму жоспары бекітілгеннен кейін өтінімдердің уақтылы берілуін қамтамасыз ету;
- өтінімдерді қалыптастыру және ұсыну мерзімдерінің сақталуына ішкі бақылау белгіленсін;
- бюджеттің атқарылуына және жоспарланған шығыстарға тұрақты мониторинг жүргізу.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау

2025 жылғы 01 мамырдан 2026 жылғы 31 мамырға дейін азаматтардың өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы бойынша инспекцияға заңды тұлғалардың бір өтініші келіп түсті және қаралды.

Өтініш берушілерден келіп түскен, сондай-ақ басқа мемлекеттік органдардан жіберілген барлық өтініштер белгіленген мерзімде толық көлемде қаралды. Әкімшілік актілерге шағымдар түскен жоқ, соттарда қаралған жоқ. Ай сайын 5-ші күнге дейін құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетімен өтініштер бойынша салыстырып тексеру жүргізіледі.

Өтініштерді зерделеу барысында мүдделер қақтығысы мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Қорытынды

Жүргізілген талдау ұйым қызметіндегі негізгі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға мүмкіндік берді. Ұсынылған ұсынымдарды іске асыру сыбайлас жемқорлық қатерлерінің деңгейін төмендетуге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.